

## Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 148 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (келісу бойынша) бірінші басшылары:

1) Іс-шаралар жоспарын орындау жөнінде шаралар қабылдасын;

2) 2019 жылғы 1 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы акпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2019 жылғы 10 шілдеден және 31 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық акпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 2019 жылғы 20 шілдеден және 2020 жылғы 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық акпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 28 наурыздағы  
№ 148 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған  
құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған  
іс-шаралар жоспары**

| P/<br>c<br>№ | Iс-шаралар  | Аяқтау<br>нысаны  | Орындауға жауаптылар  | Орындау<br>мерзімі |
|--------------|---|---|---|--------------------|
| 1            | 2   | 3   | 4   | 5                  |
| 1            | Айыпталушылар мен күдіктілерге ғана емес, сонымен бірге жәбірленушілерге, қуәлерге де қылмыстық істер бойынша білікті заң көмегін ұсыну тетігін одан әрі жетілдіру жөніндегі мәселені пысықтау  | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне акпарат | Әділетмині, БП (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша), ПМ, мұдделі мемлекеттік органдар, Республикалық адвокаттар алқасы (келісім бойынша) | 1-тоқсан           |
| 2            | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне енбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу  | Заң жобасы  | Еңбекмині, мұдделі мемлекеттік органдар   | 2-тоқсан           |
| 3            | Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты қызметінің тиімділігін арттыру мәселелерін пысықтау  | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне акпарат | АҚҰО (келісім бойынша), Әділетмині, мұдделі мемлекеттік органдар  | 3-тоқсан           |
| 4            | Виртуалды соттар құру жөніндегі мәселені пысықтау   | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне акпарат | ЖС (келісім бойынша), мұдделі мемлекеттік органдар  | 3-тоқсан           |
| 5            | Судья кадрларын іріктеу және жылжыту жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу  | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне акпарат | ЖСКК (келісім бойынша)  | 3 - тоқсан         |
| 6            | Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын соның ішінде ұлттық құқық, құқық қорғау және сот жүйесінің, құқық қорғау институттарын және т.б. дамытудың негізгі бағыттарын іске асырудың 10 жылдық кезеңін қорытындылау | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне акпарат | Әділетмині, мұдделі мемлекеттік органдар  | 4-тоқсан           |
| 7            | Қабылданатын заң жобаларының барынша ашықтығын және кең талқылауды, сондай-ақ   | Қазақстан Республикасы                                    |   |                    |

|   |  |   |  |          |
|---|--|---|--|----------|
|   | жоспарланған заңнамалық бастамалар туралы хабардар етуді қамтамасыз ету  | Президентің Өкімшілігіне ақпарат                        | Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар | жыл бойы |
| 8 | Азаматтардың күкірткық сауаттандыру және күкірткық мәдениетін арттыру бойынша іс-шараларды тұрақты негізде жүргізу | Қазақстан Республикасы Президентің Өкімшілігіне ақпарат | Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар | жыл бойы |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚҰО – Қазақстан Республикасының Адам күкірткыры жөніндегі ұлттық орталығы  
Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

ЖСҚҚ – Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кенесі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкірткық ақпарат институты» ШЖҚ РМК